

Ұсынылып отырған оқу құралында «Гидробиология» және «Ихтиология» пәндерінен оқу практикасын жүргізген кезде студенттердің атқаратын тәжірибелік жұмыстары жайында әдістемелік нұсқаулар берілген. Гидробиологиялық және ихтиологиялық практиканың қазіргі заманғы құрал-жабдықтары, осы пәндер бойынша түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарын (гидробионттарды жинау, балықтардың жасын анықтау, оларға морфологиялық және биологиялық талдау жасау және т.б.) орындау әдіс-тәсілдері берілген.

Оқу құралы биология және балық шаруашылығы мамандықтары бойынша білім алушыларға және осы пәндерге қызығушылық танытатын басқа да оқырмандарға арналған.